«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

07.05.2018 ж. № 02-08/1111

ЖК «Тұрсынбекова»
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Шымкент қаласы, Назарова 23а

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) Сіздің 11.04.2018 жылғы №10542 (веб-порталмен келіп түскен) арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, «Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті» РММ-не (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) жариялаған №2240653-2 санды «Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің кедендік бақылау техникалық құралдарына қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу бойынша көрсетілетін қызметтерді» мемлекеттік сатып алудың №16569384-ОК1 лотына камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде Сіздің арызыңызда көрсетілген мәселелер келесідей негіздермен ішінара өз дәлелін тапты.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 9-бабы 3-тармағында әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Осымен бірге, Қағиданының конкурсттық құжаттамасының 6-қосымшасының ескертпесінің 2-тармағында растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады деп нақты көрсетілген.

Осыған сәйкес, камералдық тексеру барысында Ұйымдастырушы тарапынан жасақталған техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушілерге мамандарының жұмыс тәжірибесі болуы бөлігінде біліктілік талабы көрсетілмегені белгілі болды, аталған талап қызметтерді орындау үшін өнім берушілерге көзделген.

Осыған байланысты, Сіздің конкурстық өтініміңізде мамандардың

тәжірибесі бойынша растаушы құжаттары ұсынылмаған деп конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілмегеніңіз анықталды.

Осымен, Департамент тарапынан камералдық бақылау нәтижесі бойынша Ұйымдастырушыға анықталған бұзушылықтарды жою үшін хабарлама жіберілді.

Сонымен қатар, Ұйымдастырушы хабарламамен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылдағы 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 14-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарсылық жіберуге құқылы.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10-бабына сәйкес арызыңызға жауап мемлекеттік тілде берілді және 12-бабына сәйкес өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

орын. Д.Рамазанов
тел: 8/7292/ 31-90-92